

«Айша» бөбекжайы

Бекітемін
«Айша» бөбекжай меңгерушісі:
Түлегалиева.Б.А



Тақырыбы: «Қош келдің, Жаңа жыл»



«Ботақан» кіші жас тобы тәрбиешісі: Сұлтанбек А.

2025 жыл

Қош келдің, Жаңа жыл

Залдың ортасында сәнді шырша.

Жүргізуші: Даламызға, қаламызға,
Жаңа жыл кіріп келеді.
Қартыңызға, балаңызға
Жалынды сәлем береді.
Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар,
Таңырқанып тұрмаңыздар.
Сәнді шырша шақырады.
Шырша жырын жырлаңыздар.
Келіңіздер, келіңіздер,
Би де билеп беріңіздер.
Қызығы мол жаңа жылдың
Тамашасын көріңіздер.

(Балалар шырша түбінде жайғасып отырады. Ертегі тамашалайды.)

Жүргізуші:

Келіндер жас ұландар,
Ертегімді тыңдаңдар.
Ертегімде сан қилы
Қызық-қызық сырлар бар.
Соныменен, балалар
Жаңа жылға арналған
Ертегіні көріңдер
Шын бағасын беріңдер.

Қарандаршы балалар, айналаға. Сондай әдемі, өздерінде әдемі болып кетіпсіңдер. Мынау не? Жамылғы ғой балалар. Бұл жай жамылғы емес екен жарқыраған, әдемі жұлдызды жамылғы.

- Сендер білесіңдерме, бұл кімнің жамылғысы?

- Иә, бұл ертегі елінің ханшайымы Шахерезаданың жамылғысы. Балалар мен жаңа айтып өттім. Бұл жай ғана жамылғы емес, жаңа жылда не тілесек, тілегімізді орындайтын жамылғы екен. Ендеше жамылғының сыйқырлы жұлдызшасын ұстап, сыйқырлы сөзді айтайық не болар екен?

Балалар:

Ертегі, ертегі
Таңырқат біздерді.

(Ән әуенімен Шахерезада келеді)

Шахерезада: Менің атым Шахерезада Шығыс елінен келдім, мен ертегі айтқанды жақсы көремін.

Жүргізуші: Шахерезада біз жамылғыңызды тауып алдық.

Шахерезада: - Рахмет, менің сыйқырлы жамылғымды тауып бергендеріңе. Мұндағы әрбір жұлдыз ертегіге айналады. Жұлдызшаны қолымызға алсақ, ертегілер елінен бірақ шығамыз.

Жүргізуші: Балалар Шахерезада жұлдызшаны қолына алды, сыйқырлы сөзді айтуымыз керек.

Балалар:

Ертегі, ертегі
Таңырқат біздерді.

(Ән әуенімен Алладин кілемшемен, қолында шамы бар келеді)

Алладин: Қолындағы шамды уқалай бастайды.

(Жарық өшіп, үлкен ірі жын шығады.)

Жын: У-ух-хо-хо-ха-ха

(Алладин аяғына жығылады.)

Алладин: Шегініп сен кімсің?

Жын: Мен сенің құлыңмын тақсырым. Не бұйырасың? Тез арада орындаймын. Тасқа айналдыр десек, тасқа айналдырамын. Қатырып таста десек қатырамын.

Алладин: Міне керемет! Мен жаман іспен айналыспаймын, мен Шығыстың әдемі қыздарының арасында болғанды қалаймын тезірек орында.

Жын: Әміріңізге құлдық. (айналып үш рет шапалақтайды)

Би: Шығыс биі.

Алладин: Рахмет жын, ертегі айтатын Шехерезада осыма?

Жын: Иә, бұл біздің Шехерезада.

Алладин: О, сұлу қыз жынды шамымен саған сыйға беремін, ал.

Шахерезада: Рахмет Алладин.

Алладин: Мен сыйлық бергенді, жақсылық жасағанды жақсы көремін. Сау болындар.

Жын: Әмір беріңіз ханымым.

Шахерезада: Жын Аяз атаны мерекеге тезірек келуіне көмектес.

Жын: Әміріңізге құлдық. (айналып үш рет шапалақтайды)

Аяз атаның дауысы: Келемін асығып келе жатырмын. -Сәлеметсіңбе мереке, жұлдыздай жарқыраған.

Жүргізуші: Сәлеметсізбе Аяз ата, көптен күткен.

Аяз ата: -Сәлеметсіңдер ме қыздарым мен ұлдарым. Мен сендердің мерекелеріңе асығып ұзақ жүрдім. Көп сыйлықтар әкелдім. Қарша қызым қайдасың? Сыйлығым кәне көрсетейік.

Сыйқыршы: Алладин қайда? Шам қайда? Шахерезада айт кәне.

Шахерезада: Шамның саған не керегі бар. Жынды шақырып жаман істермен айналыспақшысың ғой. Кет бұл жерден әйтпесе саған жаман болады.

Сыйқыршы: Әп бәлем сен мені қорқытпа. Әйтпесе Аяз Атаны сыйқырлап, сені алып кетемін, жаңа жылда сыйлық болмайды. Ух-ха-ха-ха деп сыйқырлайды. Сыйқыршыларым жиналындар өнерлерінді көрсетіндер.

Би: Сыйқыршылар.

Жетеді. Биледіндер енді жұмысқа кірісіндер Аяз Атаға шабуыл жасап сыйлығын тартып алындар.

Шахерезада: Балалар кайғырмандар. Жұлдызды жамылғыдан жұлдыз алайын жын көмекке келеді.

Жын: Әміріңізге құлдық. (айналып үш рет шапалақтайды)

Сыйқыршы беталды әуре боласың. Мен сенің сыйқырыңды жоямын, жаман істер істемейтін боласың. Жақсы сөз айтып жүретін боласың.

Сыйқыршы: Кешіріші Аяз Ата. Енді жаман іспен айналыспаймын.

Аяз ата: Кешірейік балалар. Сыйқыршы ескі жылмен жаңа жылды сахна төріне сыйқырлап әкелсін.

Сыйқыршы: Жарайды Аяз Ата дегенің болсын.

Қоян мен ұлу келеді.

Аяз ата: Қоян жылы көп жақсылық әкелді. Енді Ұлу жылы көп жақсылық болсын.

(қоян және ұлу болып киінген бала кіреді)

Жүргізуші: Ақ сақалды шал жылына

Бір-ақ рет келіп кетеді

Қызы мен ұлына сыйлық алып келеді.

Ол кім балалар?

Балалар: Аяз Ата.

Жүргізуші: Ендеше Аяз Атаны ортаға шақырайық. Шыршамыздың шамдарын жақсын.

Аяз Ата: 1, 2, 3

Шырша шамы жан.

Шыршаға арнаған әндерің бар ма?

Ән: Шырша.

Жүргізуші: Ал, балалар, мерекені ары қарай жалғастырайық.

Аяз Ата алыстан шаршап келді, олай болса тақпақ айтып берейік.

Тақпақтар.

1. Ақша қар жұмбақ жасырады.

Қыста ғана болады,

Ұстасаң қолың тоңады.

Қар.

Ән: Ақша қар.

Аяз ата маған деген әндерің қайда.

Ән: Аяз ата.

Аяз ата: Жарайсың балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімді де өнерлі екенсіңдер.

Киген киімдерің қандай әдемі! Солай емеспе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар.

Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін

тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер. Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар!

Жүргізуші: Құрметті, балалар 2012 жаңа жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет. Жаңа жыл құтты болсын! Отбасыларыңа тек бақыт пен қуаныш әкелсін!!!

Барлық кейіпкерлер сахнада Жаңа жыл әнін орындайды.

Анықтама

Өткен күні: 26.12.2025

Тобы: «Ботақан» кіші жас тобы

Мақсаты: жаңа күнтізбелік жыл басталып, күнтізбенің жыл саны бірге өсетін күн не уақыт.

Басқа халықтар мен діндік топтар басқа күнтізбелерді қолданғандықтан, басқаларда жаңа жыл басқа күндерде өткізуі мүмкін.

Қатысқан бала саны: 17 бала

Истаграм желісіне салынды.

<https://www.instagram.com/p/DS3Cem5iiEd/?igsh=MXdqZDIscmR5aDJnaQ==>

